


ПРОИЗВОДСТВО СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ

Январь-апрель 2023 г.



\$ 54,7 МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 35%
ОТП 65%

\$709 МЛН

РЫНОК


\$245,4 МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за 3 мес. 2023 г.

ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-АПРЕЛЬ 2023 Г., МЛРД ТЕНГЕ



Құрылыс материалдары өндірісі саласы бойынша 2023 қаңтар-сәуірдегі инфографикаға түсіндірме

ҚР құрылыс материалдары өндірісінің көлемі 2023 жылғы қаңтар-сәуірде **347,1 млрд теңгені құрады**, бұл, номиналды көріністе 2022 жылғы осы кезеңнен **17% (296,6 млрд теңге)** жоғары.

Өнімнің физикалық көлем индексі 2023 жылғы қаңтар-сәуірде **107,9%** құрады. Заттай көріністе өсу төмендегі тауарлар бойына байқалады: керамикалық отқа төзімді емес кірпіштер (+48,1%); тақтайлар, кірпіштер және цемент, бетон немесе жасанды тастан жасалған осыған ұқсас бйымдар (+12,7%); силикат және шлак кірпіштер (+1,3%); бетоннан жасалған құрылыс құрастырмалары (+0,5%); тауарлы бетон (+2,8%); құрылыс ерітінділері (+15,9%).

Құрылыс материалдары өнімінің экспорты 2023 жылғы қаңтар-наурызда 2022 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда **64,5%** өсті және **54,7 млн АҚШ долл.** құрады. Заттай көріністе экспорт көлемі 257 мың тоннаны құрап, **5,5%** төмендеді, өткен жылғы осы кезеңде 272 мың тонна деңгейінде болды. Негізгі үздік экспорттаушы елдер: Ресей, Өзбекстан және Қырғызстан.

Құрылыс материалдарының отандық нарыққа импорты 2023 жылғы қаңтар-наурызда 2022 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда **3,1%** төмендеп **245,4 млн АҚШ долл.құрады.**

Заттай көріністе тауарлар көлемі 2022 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда **33,4%** өсіп, **541,5 мың тоннаны құрады.** Негізгі үздік импорттаушы елдер: Ресей, Қытай және Германия.

2023 жылғы қаңтар-наурызда ҚР құрылыс материалдар нарығының көлемі **709 млн долл. АҚШ құрады**, онда **ОТӨ үлесі 65%**, импорт өнім үлесі **35%**.

Ең жоғары өндіріс көлемі құндық көріністе ағымдағы жылғы қаңтар-сәуірде Астана қаласы (жалпы өндіріс көлемінде **14,7%** өңір үлесімен), Абай облысы (**13%**) және Қарағанды облысы (**8,6%**).